

«Мен оқыған шығарма»

«Тағдырластар» клубы

6 мамыр күні Шымкент қалалық арнайы кітапханасында «Тағдырластар» клубының «Мен оқыған шығарма» атты кезекті кездесу кеші өтті. Кешті клуб жетекшісі Ербек Бакиев жүргізді.

Кеш барысында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған әндер орындалды. Манғыстау облысы, Ақтау қаласынан арнайы қонақ болып келген Сахи мен Камажай есімді жас жұбайлар өнер көрсетіп, жана достар тапты. Сонымен қатар Алматы қаласынан келген жас талант Аружан белсенділік танытты.

Кеш барысында қызықты ойындар ұйымдастырылып, түрлі сұрақтар қойылып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды. Жастар олар оқып, шараның шырайын кіргізді. Кітапхана директорының орынбасары Әбжаппар Эльмира Ақылбайқызы сөз сөйлеп, барша қатысушыларды мерекемен құттықтады.



